

«Азаматтарға арналған үймет»
мемлекеттік корпорациясы коммерциялық
емес акционерлік қоғамының Ақтөбе
облысы бойынша филиалының Ақтөбе
қалалық тұрғыу және жер кадастры белгілі
ЗАНДЫ ТИЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК КАЙТА
ТІРКЕУ 2018 ж. «02» 09 ЖУРГІЗІЛДІ
БСН 601140008468
№ 974-1904-НАО-Н0
Бастапты тұрғыдан күні
2018 ж. «11» 11

«Азаматтарға арналған үймет»
мемлекеттік корпорациясы коммерциялық
емес акционерлік қоғамының Ақтөбе
облысы бойынша филиалының Ақтөбе
қалалық тұрғыу және жер кадастры белгілі
ЕНГЗІЛГЕН ӨЗПЕРСТЕР МЕН
ТОЛЫКТЫРУЛАР
2018 ж. «27» 09
БСН 601140008468
№ 974-1904-НАО-Н0
Бастапты тұрғыдан күні
2018 ж. «11» 11

«Ақтөбе» ӘҚК» АҚ
жалғыз акционерінің
2021 жылғы 15 сәуірдегі
№ 6 шешімімен бекітілді

**«Ақтөбе» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы»
Акционерлік қоғамының
Ж А Р Ф Й С Ы**

Ақтөбе қ., 2021 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Жарғы «Ақтөбе» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, өкілеттіктері мен қызметінің негізгі қағидаттарын айқындайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

Мемлекеттік тілде: «Ақтөбе» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Акционерлік қоғамы;

Орыс тілінде: Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Актобе».

1.3. Қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Ақтөбе» ЭКК» АҚ;

орыс тілінде: АО «СПК «Актобе».

1.4. Қоғамның атқарушы органдының орналасқан жері: 030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Маресьев көшесі, 103А.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асырады, міндеттер алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.2. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да деректемелері бар.

2.3. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны, сондай-ак корпоративтік басқару Кодексін басшылыққа алады.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

2.5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен оның орналасқан жерінен тыс жерлерде заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ережелердің негізінде Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) күргуга құқылы.

3. Қоғамның және акционерлердің жауапкершіліктері

3.1. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауакершілік алады.

3.2. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағаңда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

және өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

3.3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Қоғам мақсаттары мен қызметтерінің түрлері

4.1. Қоғамның негізгі мақсаты Ақтөбе облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

4.2. Мақсатқа жету үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келесі қызмет түрлерін жүзеге асыра алады:

1) Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру (ЭҚЖЖ 70221);

2) Экономикалық қызметті тиімді жүргізу ді реттеу және жәрдемдесу (ЭҚЖЖ 84130);

3) Коммерциялық және кәсіпкерлік ұйымдардың қызметі (ЭҚЖЖ 94110).

5. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

5.1. Қоғам акционерінің:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібен даулауға;

7) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, осы Заңың 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға отеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мудделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және қоғамға

сұрау салу келіп түскен күннен бастап құнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Занда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алуға құқығы бар.

5.2. Ірі акционердің, сондай-ақ:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар Кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) директорлар Кеңесіне Занға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуі үсінуға;

3) директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық үйіміның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

5.3. Қоғам акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

6. Қоғамның мүлкі мен капиталы

6.1. Қоғамның мүлкі:

1) акционерлер Қоғам акцияларын төлеуге берген мүліктің;

2) оның қызметі нәтижесінде алғынған кірістердің;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктің есебінен құралады.

6.2. Қоғамның жарғылық капиталын үлғайту Қоғамның жарияланған акцияларынорналастыру арқылы жүзеге асырылады.

6.3. Жер участкелерін қоспағанда, Қоғамның мүлкін иеліктен шығару, сату және сенімгерлік басқаруға беру директорлар Кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

7. Қоғамның бағалы қағаздары

7.1. Қоғам жай акциялар шығарады. Жай акция оны иеленетін әрбір

акционерге жай акциялардың басқа иелерімен бірдей көлемде құқықтар береді.

7.2. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

Акциялар бөлінбейді. Егер акция ортақ мешіткі құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.

7.3. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуі ондымен жасалған шарттың негізінде Қоғамның тіркеушісі жүзеге асырады.

Қоғам сатып алған өз акциялары туралы мәліметтер міндетті түрде бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесіне енгізілуге жатады.

Акционерлердің қол қойылған және толық төленген акцияларға құқықтарын растайтын құжаттар ретінде акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінен көшірмелер қызмет етеді.

7.4. Қоғам орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілдікке қабылдайды.

Қоғамның акцияларын кепілге салу құқығын осы Жарғының ережелерімен шектеуге немесе алып тастауға болмайды.

7.5. Қоғам әрбір акционерге жіберілетін орналастырылатын бағалы қағаздары сатып алғандығы туралы жазбаша хабарлама беру арқыла сатып алған орналастырылатын бағалы қағаздар туралы акционерлерге хабар береді.

7.6. Акцияларды шығару, орналастыру, айналдыру, сонай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің шарты мен тәртібі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

7.7. Қоғам еркін айналыстағы құнды қағаздар шағаруға құқылы.

7.8. Қоғам қосымша қаражат тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру, айналдыру шарты мен тәртібі, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды өткізгеннен түсken қаражаттарды пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасымен және облигацияларды шығару проспектісімен анықталады.

7.9. Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелмеген акциялар мен облигацияларды шығару, қозғалысы және есепке алушың басқа да мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды шығару туралы шешім қабылданған кезде Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен анықталады.

8. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

8.1. Қоғамның таза табысы (бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның өкімінде қалады және Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға

немесе акционерлердің Жалпы жиналышының шешімімен басқа да мақсаттарға жіберіледі.

8.2. Қоғамның акционерлеріне дивидиендтер төлеу жыл қорытындысы бойынша жүргізіледі. Дивидендтер оларды төлеу туралы шешім қабылдаған сэттен бастап отыз күннен қешіктірілмей төленеді.

8.3. Акционерлердің Жалпы жиналышы жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төленуінің орынсыздығы жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

8.4. Акциялар Қоғамның өзімен орналастырылмаған немесе сатылып алынбаған болса, сондай-ак, егер сотпен немесе акционерлердің Жалпы жиналышымен оның жойылуы туралы шешім қабылданса, олар бойынша дивидендтер есептелінбейді және төленбейді.

8.5. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) өз капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

9. Қоғамның органдары

9.1. Қоғамның органдары:

- 1) Жоғары орган - акционерлердің Жалпы жиналышы, (Қоғамда дауыс беретін барлық акциялар бір акционердің иелігінде болса, - осы акционер);
- 2) басқару органы – директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма.

9.2. Егер барлық дауыс беретін акциялар бір акционердің иелігінде болса, акционерлердің жалпы жиналышы өткізілмейді. Заң және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналышының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер, мұндай акционермен жеке қабылданады және жазбаша түрде ресімделуге жатады.

10. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы

10.1. Акционерлердің жалпы жиналышын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен айқындалады.

10.2. Акционерлердің Жалпы жиналышының айрықша құзіретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

- 2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын үлгайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шыгару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 8) атқарушы органның басшысын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 11) Жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 12) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғамның акцияларының ерікті түрдегі делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де занды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де занды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғамның акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын айқындау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 17) қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу, әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 18) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 19) акционерлердегі Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін

айқындау, оның ішінде бұқаралық акпарат құралдарын айқындау;

20) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайзызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау құніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайзызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

21) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

22) Занда және (немесе) осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдау.

10.3. Осы Жарғының 10.2 тармағының 1)-4) және 17) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

10.4. Акционерлердің Жалпы жиналысының қалған мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысуши дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

10.5. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында Қоғамның коммерциялық қупиясын құрамайтын мәселелерді талқылау кезінде Қоғамның акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатыса алады және сөз сөйлей алады. Көрсетілген тұлғалардың акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы бар.

11. Директорлар Кеңесі

11.1. Занда және (немесе) қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, директорлар кеңесі қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

11.2. Директорлар Кеңесінің айрықша құздіретіне мына мәселелер жатады:

1) қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шакыру туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның ораналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы

қағаздарды сатып алуды және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

- 4) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 6) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) атқарушы органның басшысының және мүшелерінің жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 8) ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін айқындау, ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 9) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының жалақы мөлшерін және сыйақы талаптарын айқындау;
- 10) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органдың қабылданатын құжаттардан басқа), олардың Қоғамның директорлар Кеңесімен бекітілген тізбесін, оның ішінде Қоғамның аукциондарын өткізу тәсілі мен тәртібін және құнды қағаздарына қол қою;
- 12) Қоғамның филиалдары мен өкілеттіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 13) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралышешімдерін қабылдау;
- 14) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 15) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;
- 16) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 17) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі

мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

18) Занда және (немесе) Қоғамның жарғысында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

11.3. Директорлар Кеңесінің мүшелері акционерлердің жалпы жиналысымен сайланады.

11.4. Директорлар Кеңесінің мүшелер саны кемінде төрт адам болуға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

11.5. Директорлар Кеңесін өткізуге арналған кворум директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан аз болмауы керек.

11.6. Директорлар Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған директорлар Кеңесі мүшелерінің жай көшілік дауыстарымен қабылданады.

Дауыстардың саны тең болған кезде директорлар Кеңесі Тәрағасының дауысы шешуші болып табылады.

11.7. Басқарма Тәрағасы директорлар Кеңесінің Тәрағасы болып сайлана алмайды.

11.8. Директорлар Кеңесінің шешімдері директорлар Кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру директорлар Кеңесін шақыруға бастамашы болу құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап директорлар Кеңесінің тәрағасына (ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда - атқарушы органға) жазбаша нысанда беріледі және дауыс беруге қойылған, нақты және біржакты тұжырымдалған мәселеле (мәселелер) болуы тиіс.

11.9. Директорлар Кеңесі қызметінің тәртібі, оның отырысын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі, шешімдер қабылдауы Заңмен, осы Жарғымен және Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілетін директорлар Кеңесі туралы Ережемен белгіленеді.

12. Қоғамның Басқармасы

12.1. Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды атқарушы орган - Басқарма жүзеге асырады.

12.2. Басқарма Қоғамның алқалы органы болып табылады және Заңмен, басқа да Қазақстан Республикасының заң шығару актілерімен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымдық тұлғаларының құзіретіне жатқызылмаған, Қоғамның қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

12.3. Директорлар Кеңесі Басқарманың мүшелерінің сандық қурамын, өкілеттік мерзімдерін белгілейді, оның мүшелерін сайлайды (Басқарманың

Төрағасынан басқа), сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады.

12.4. Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінен тұрады. Басқарма Төрағасы акционерлердің жалпы жиналысымен үш жыл мерзімге тағайындалады және Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Басқарма мүшелері директорлар Кеңесімен үш жыл мерзімге тағайындалады.

12.5. Басқарма Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндettі.

12.6. Егер Қоғам мәміле жасасу кезінде тараптардың Қоғам белгілеген шектеулер туралы білгендейдігін дәлелдесе, Басқарманың осы шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілесінің жарамды екеніне дауласуға құқылы.

12.7. Басқарма құзіретіне мына мәселелер жатады:

1) акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру;

2) Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдерді қабылдау;

3) акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің құзіретіне жатқызылмаған ішкі нормативтік күжаттарды бекіту;

4) Қоғамның ұйымдастыру бірліктері (бөлімшелері) туралы ережелерді бекіту;

5) Қоғам қызметінің негізгі бағыттарын әзірлеу және директорлар Кеңесіне бекітуге енгізу;

6) Қоғамның жылдық есептігін, каржылық есептілікті коса алғанда, дайындау және оны директорлар Кеңесінің қарауына енгізу;

7) кіріс және шығыс сметасын орындау;

8) жиынтық қаржы жоспарын әзірлеу және оның орындалуын бақылау;

9) статистикалық есепті қалыптастыру;

10) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

11) акционерлердің Жалпы жиналысы мен Қоғамның директорлар Кеңесінің айрықша құзіретіне жатқызылғандардан басқа, Қоғам қызметінің барлық басқа мәселелерін шешу.

12.8. Басқарма Төрағасы:

1) акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамның атынан әрекет етуге құқық беретін сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (ішкі аудит қызметінің қызметкерлері мен Басқарма мүшелерін қоспағанда) жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелей шараларын

колданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мен ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін белгілейді;

5) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласы мен жауапкершілікті бөледі;

7) Қоғам қызметкерлерінің барлығы орындауға міндетті нұсқаулар береді;

8) шарттар жасасады және мәмілелер жасайды, банктік шоттар ашады.

9) бағыныстағы қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын-алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, сондай-ақ тікелей бағынысты қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

12.9. Басқарма Төрағасының қызметі мен оның шешім қабылдау тәртібі осы Жарғымен және Қоғамның директорлар Кеңесімен бекітілетін Қоғамның Басқармасы туралы Ережесімен айқындалады.

13. Ішкі аудит қызметі

13.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімі бойынша ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

13.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар Кеңесінің және атқарушы органдың құрамына сайланады.

13.3. Ішкі аудит қызметі Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы Ережеге сәйкес оның қаржы-шаруашылық қызметіне, Қоғамның атқарушы органдың және құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен іс-әрекеттеріне бақылауды жүзеге асырады. Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы Ережені Қоғамның директорлар Кеңесі бекітеді.

13.4. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның директорлар Кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді, басшылықта және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына еркін және тәуелсіз түрде кірісе алады.

14. Қоғамның ақпаратты ашуы

14.1. Заңға және осы Жарғыға сәйкес Қоғам өз акционерлеріне Қоғам акционерлерінің муддесін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты жеткізеді.

14.2. Акционерлік қоғам мен оның акционерлері өздерінің хабарларын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялануы тиіс басқа да ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын ақпарат құралы - қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсы.

14.3. Акционерлердің талабы бойынша Қоғам акционерге Занда көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

14.4. Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша түрде өтініш жасайды. Акционерлердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алғатын журналда тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге талап етіліп отырған ақпаратты (талап етілетін құжаттардың көшірмелерін) өтініш жасалған күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде беруге міндетті.

15. Қоғамның акционерлері мен лауазымдық қызметкерлерінің олардың аффилиренген тұлғалары туралы мәліметтер беру тәртібі

15.1. Қоғам өзінің аффилиренген тұлғаларының есебін өкілетті органмен белгіленген тәртіппен (тек ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға қатысты, осы тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде жүргізеді).

15.2. Қоғамның ірі акционерлері және лауазымдық тұлғалары өздерінің аффилиренген тұлғалары туралы мәліметтерді келесі көлемде береді:

Жеке тұлғалар туралы					
Аты-жөні, тегі (болған жағдайда)	Жеке тұлғаның жеке басын куэландаратын құжаттың және тұлғаның мекен-жайы туралы мәліметтер	Тұған күні	Аффилирлігін мойындау үшін негіз	Аффилирлік туындаған күн	Ескерту

Занды тұлғалар туралы				
Занды тұлғаның толық атауы	Занды тұлғаның мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, пошталық мекен-жайы және занды тұлғаның	Аффилирлігін мойындау үшін негіз	Аффилирлік туындаған күн	Ескерту

	нақты орналасқан жері			
--	-----------------------------	--	--	--

15.3. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер кызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қоргалатын құпия құрайтын ақпарат болып табылмайды. Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирлену туындаған күннен бастап жеті күннің ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті Қоғамға беруге міндettі.

15.4. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін өкілетті органға ол белгілеген тәртіппен беруге міндettі.

16. Қоғамды қайта үйымдастыру және тарату

16.1. Қоғам акционерлердің Жалпы жиналышының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта үйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

16.2. Қоғамды қайта үйымдастыру немесе тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

17. Қорытынды ережелер

17.1. Қоғам осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

17.2. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күннінен бастап күшіне енеді.

Басқарма төрағасы

Тлешов Т.Т.



**Утвержден
решением № 6
Единственного акционера
АО «СПК «Актобе»
от 15 апреля 2021 года**

1. Юридический адрес Общества

Организация является юридическим лицом с юрисдикцией в Акмолинской области Республики Казахстан г. Актобе по адресу: 050000, г. Актобе, ул. Аль-Фараби, 15.

У С Т А В
Акционерного общества
«Социально-предпринимательская корпорация
«Актобе»

3. Ответственность Решение о создании

г.Актобе, 2021 г.

1. Общие положения

1.1. Настоящий Устав определяет правовой статус, цели, функции, полномочия и основные принципы деятельности Акционерного общества Социально-предпринимательская корпорация «Актобе» (далее - Общество).

1.2. Полное наименование Общества:

на государственном языке: «Ақтөбе» Әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорациясы Акционерлік қоғамы;

на русском языке: Акционерное общество «Социально предпринимательская корпорация «Актобе».

1.3. Сокращенное наименование:

на государственном языке: «Ақтөбе» ӘҚК» АҚ;

на русском языке: АО «СПК «Актобе».

1.4. Местонахождение исполнительного органа Общества: 030000, Республика Казахстан, Актыбинская область, город Актобе, район Астана, улица Маресьева, 103А.

2. Юридический статус Общества

2.1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

2.2. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

2.3. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом, а также Кодексом корпоративного управления.

2.4. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

2.5. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании Положения о них.

3. Ответственность Общества и акционеров

3.1. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

3.2. Общество не несет ответственность по обязательствам своих акционеров. Акционеры не отвечают по обязательствам Общества и несут

